

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

ЖОБА

«Дизартрия мен ринолалияны түзетуде логопедиялық массаждың түрлері мен әдістерін қолдану»

Біліктілікті арттыру курсына арналған логопедтерге, мектепке дейінгі ұйымдардың, орта білім беру ұйымдарының, түзету мектептерінің, оңалту орталықтарының, ПМПК педагогтарына

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Дайындаған:

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

Астана қ., 2026

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Жалпы ережелер	3
2-бөлім. Глоссарий	6
3-бөлім. Бағдарламаның тақырыбы	7
4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	8
5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	9
6-бөлім. Оқу үдерісін ұйымдастыру	15
7-бөлім. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі	16
8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау	17
9-бөлім. Курс соңынан кейінгі қолдау	17
10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	18
Қосымша 1 Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері	20

1-бөлім. Жалпы ережелер

Бағдарлама ойын терапевтері, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары, түзету мектептері, оңалту орталықтары, ПМПК мамандарының кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде айқындалған ең қажетті білімдер кешенін қамтиды.

Педагог кадрларын қайта даярлау курсының жұмыс оқу жоспары келесі нормативтік-құқықтық актілердің ережелері мен талаптарына сүйене отырып әзірленді:

-Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ «Білім туралы» Заңы;

-Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы

-Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 327 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім кадрларын даярлау бағыттарының классификаторын бекіту туралы»

Логопедиялық массаж сөйлеу бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары жүйесінде ерекше орын алады. Дизартрия мен ринолалия кезінде массаж дыбыстарды қоюға артикуляциялық аппаратты дайындап қана қоймай, кешенді физиологиялық әсер етеді: бұлшықет тонусын қалыпқа келтіреді, жүйке орталықтарын ынталандырады, қан айналымын және сөйлеу мүшелерінің жалпы жағдайын жақсартады.

Массажды тиімді қолдану үшін логопед техника бойынша тәжірибелік дағдыларға ғана емес, сонымен қатар анатомия, физиология және неврология саласындағы білімдерге ие болуы қажет. Бұл үдерісті мақсатты әрі қауіпсіз етеді.

Артикуляциялық ағзалар: ерін, тіл, жұмсақ және қатты таңдай, ұрт, тіс, төменгі жақ.

Сөйлеуге қатысатын бұлшықеттер: ауыздың айналмалы бұлшықеті, ұрт бұлшықеттері, тіл бұлшықеттері (бойлық, көлденең, тік), жұмсақ таңдай бұлшықеттері.

Құрылымын білу логопедке әртүрлі бұзылыстарда әсер ету аймақтарын анықтауға көмектеседі.

Тыныс алу, дауыс және артикуляцияның өзара байланысы. Сөйлеу қимылдарын үйлестірудегі жүйке реттелуінің рөлі.

Бұлшықет тонусының ерекшеліктері: гипер- және гипотонус, олардың дыбыс айтуға әсері.

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

Артикуляция ағзаларының жүйкеленуі: тіл-жұтқыншақ, үшкіл, бет, тіласты жүйкелері.

Сөйлеуге жауапты ми қыртысының аймақтары (Брока, Вернике).

Дизартрия мен ринолалия кезінде жүйке импульстарының берілуінің бұзылуы.

Негізгі бағыт: жұмсақ таңдай мен таңдай-жұтқыншақ жабылуының жұмысын белсендіру.

Қолданылатын әдістер: жұмсақ таңдай, ерін мен ұрт массажы, тыныс алу мен діріл техникасы.

Нәтиже: қалыпты резонанстың қалпына келуі, фонация мен дыбыстаудың жақсаруы.

Осылайша, логопедиялық массажды тиімді қолдану теориялық білім мен практикалық дағдылардың интеграциясынсыз мүмкін емес.

Анатомо-физиологиялық негіздерді меңгерген логопед баланы сауатты тексеріп, әсер ету әдістерін дұрыс таңдап, процедураның қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады.

Бұл массажды жай ғана қосымша құрал емес, білім беру және оңалту тәжірибесінде дизартрия мен ринолалияны түзетудің негізгі әдістерінің бірі етеді.

Арнайы педагог-логопед тек логопедиялық массаж техникасын меңгеріп қана қоймай, массаж әдістерінің физиологиялық әсерін де түсінуі қажет. Сөйлеу аппаратының анатомиясын, бұлшықеттерін, қан тамырларын, жүйке жүйесінің топографиясын, сондай-ақ артикуляциялық ағзаларды тексеру әдістерін білу массаж тәсілдерін дұрыс қолдануға көмектеседі.

Халықаралық конвенциялар (мысалы, БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы) қолжетімділік, теңдік, кемсітпеу, барлық балалардың қатысуы қажеттілігін атап көрсетеді.

Бағдарламаның өзектілігі ауыр сөйлеу бұзылыстары бар, оның ішінде дизартрия және ринолалиясы бар балалар санының артуымен негізделеді, бұл логопедиялық тәжірибенің заманауи деректерімен расталады. Бағдарлама білім беру және инклюзия саласындағы жалпы мемлекеттік басымдықтармен үйлеседі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолжетімді әрі сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ коррекциялық жұмыста кешенді, пәнаралық және тәжірибеге бағытталған тәсілге негізделген логопедияның әлемдік заманауи даму үрдістерін көрсетеді.

1. Пәнаралық тәсіл

Логопедтер неврологтармен, психотерапевтермен, ортопедтермен, педагогтармен және нейропсихология мамандарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуде. Бұл дизартриясы бар науқастарға арналған анағұрлым кешенді оңалту бағдарламаларын құруға мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалар сөйлеу дағдыларын жақсартуға арналған жаттығулармен қатар, моторлық немесе когнитивтік бұзылыстар сияқты қосымша қиындықтарды түзетуді де қамтиды.

2. Технологиялар және цифрландыру

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

Технологиялардың дамуына байланысты логопедия және сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау үдерістері де өзгеруде.

Жасанды интеллект (AI) технологиялары диагностиканың бір бөлігіне айналып, дизартрияның түрі мен деңгейін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. AI сөйлеу үлгілерін талдау арқылы диагнозды жылдам әрі нақты қоюға көмектеседі.

Сөйлеуді дамытуға арналған қосымшалар мен онлайн-платформалар пациенттер мен олардың ата-аналарына үй жағдайында логопедиялық жаттығулар жүргізуге мүмкіндік береді, әсіресе COVID-19 пандемиясы кезеңінде дәстүрлі терапия түрлері шектелген кезде бұл ерекше маңызды болды. Виртуалды шындық (VR) және нейротехнологиялар сөйлеу бұзылыстары бар пациенттерді оңалтудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Олар мидың әртүрлі аймақтарын белсендіретін арнайы сценарийлер мен модельдеулерді қолдану арқылы нейропластиканы қалпына келтіруге ықпал етеді.

3. Психологиялық қолдау және психотерапия

Дизартриясы бар пациенттер сөйлеу бұзылыстарына байланысты психологиялық қиындықтарға, ұяңдық пен өзін-өзі төмен бағалауға жиі тап болады. Сондықтан қазіргі уақытта психологиялық оңалту мен қолдауға, сенімділікті арттыруға, эмоционалдық күйзелістермен жұмыс істеуге және сөйлеуге деген жағымды көзқарас қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Логопедиялық көмек психологиялық қолдаумен қатар жүргізілген жағдайда ғана сөйлеу дағдыларын қалпына келтіру тиімді болады.

4. Балалардағы дизартрияны түзету

Дизартриясы бар балалармен жұмыс жасаудың заманауи тәсілдері ерте диагностика мен алдын алуға бағытталған.

Ерте оңалту – араласу неғұрлым ерте басталса, нәтиже соғұрлым тиімді болады.

Моторлық дағдыларды түзету – сөйлеуге қатысатын бұлшықеттердің үйлесімділігі мен бақылауының бұзылыстары кешенді терапияны қажет етеді, соның ішінде ұсақ және жалпы моториканы дамытуға арналған жаттығулар жүргізіледі.

5. Инклюзивтілік және қолжетімділік

Оңалтуда инклюзивті тәсілге ерекше назар аударылады. Логопедиялық көмек халықтың барлық топтарына, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қолжетімді болуы тиіс. Денсаулық сақтау жүйесі дамыған елдерде сөйлеу бұзылыстары бар балалар мен ересектерді білім беру және еңбек үдерістеріне кіріктіруге мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалар жасалады.

6. Халықаралық ынтымақтастық және стандарттар

Халықаралық деңгейде логопедия саласындағы ынтымақтастық күшейіп келеді, бұл дизартрияны диагностикалау мен емдеудің бірыңғай стандарттарын әзірлеуге ықпал етеді. Әлемдік жетекші ғылыми қоғамдастықтар мен ұйымдар (мысалы, Дүниежүзілік логопедтер қауымдастығы) әртүрлі мәдени және әлеуметтік контекстерге бейімдеуге болатын емдеу және оңалту хаттамаларын әзірлеуде.

7. Логопедияда нейробиологияны қолдану

Сөйлеу бұзылыстарының нейробиологиясын зерттеу ми мен жүйке жүйесінің сөйлеу қабілеттеріне әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл дизартрияны емдеуде жекелендірілген тәсілдерді қолдануға жол ашады және сөйлеу бұзылысына жауапты нақты неврологиялық механизмдерге бағытталған түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

8. Ерте араласу және алдын алу

Денсаулық сақтау жүйесі дамыған елдерде сөйлеу бұзылыстарын ерте анықтау мен ерте араласуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл балалардың дамуындағы ауытқуларды бастапқы кезеңдерде түзетуге мүмкіндік беріп, болашақтағы болжамды айтарлықтай жақсартады.

Қорытынды

Дизартрия мен логопедия саласындағы әлемдік үрдістер заманауи технологияларды енгізуге, пәнаралық тәсілді дамытуға және барлық жас топтары үшін инклюзивті әрі қолжетімді оңалту бағдарламаларын құруға бағытталған. Қазіргі заманғы түзету әдістері пациенттің дамуының барлық қырларына кешенді ықпал етуді көздейді, бұл дизартрияны емдеуде тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Көптеген елдер дизартрия мен басқа да сөйлеу бұзылыстарын емдеуде заманауи әдістер мен технологияларды енгізуде. Ерте диагностикаға, инновациялық тәсілдерге (жасанды интеллект, нейротехнологиялар, виртуалды шындықты қолдану) және мультидисциплинарлық командалардың жұмысына ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, АҚШ, Ұлыбритания, Канада және Австралия жаңа технологиялар мен емдеу әдістерін әзірлеуде көшбасшы болып табылады, ал Германия, Швеция және Оңтүстік Корея нейробиологиялық және нейропсихологиялық тәсілдерді белсенді зерттеуде.

2-бөлім. Глоссарий

Арнайы педагогика – педагогикалық білімнің құрамдас бөлігі болғанымен (лат. *specialis* – тегі, түрі), ғылыми тұрғыдан ауқымды сала болып табылады.

Арнайы (түзету) білім беру ұйымдары – мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған білім беру ұйымдары.

Арнайы білім беру жағдайлары – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жалпы және кәсіби білім беруде оқыту мен тәрбиелеудің арнайы шарттары.

РАС – аутизм спектрінің бұзылысы, нейроонтогенетикалық бұзылыс, яғни нәрестелік немесе балалық шақтағы психикалық дамудың бұзылысы. Ол әлеуметтік өзара әрекеттесуді және әлеуметтік байланыстарды бастау мен қолдаудағы тұрақты дефицитпен, сондай-ақ шектеулі қызығушылықтар мен жиі қайталанатын мінез-құлық әрекеттерімен сипатталады.

ЕБҚ (ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қажеттіліктері) – ОВЗ бар баланың танымдық, энергетикалық және эмоционалды-ерік мүмкіндіктерін оқу процесінде оңтайлы іске асыру үшін қажетті жағдайлар.

ОВЗ (денсаулығында шектеулері бар балалар) – мүгедек балалар немесе

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

0–18 жас аралығындағы өзге де балалар. Олар ресми түрде мүгедек деп танылмағанымен, физикалық және (немесе) психикалық дамуында уақытша немесе тұрақты ауытқулары бар және арнайы оқу жағдайларын қажет етеді.

Жалпы сөйлеу тілі дамымауы (ЖСТД) – қалыпты дамыған есту және ойлау қабілеттері бар балаларда байқалатын, сөйлеу құрамының мағыналық және құрылымдық компоненттерінің бұзылуынан туындайтын күрделі тілдік дефицит түрі. Жалпы сөйлеу тілі дамымауы алалия, афазия, ринолалия, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологияларында да кездеседі. ЖСТД құрылымын, оның себептерін, алғашқы және екінші кемшіліктердің арақатынасын дұрыс түсіну,

балаларды арнайы ұйымдарға бағыттау, кемшілікті түзетудің дұрыс әрі тиімді әдістерін таңдай білу маңызды. Инклюзивті білім беру – әр баланың физикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік, эмоционалдық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беру ұйымдарында оқуына мүмкіндік беретін білім беру формасы. Компенсация (лат. *compensatio* – өтеу, теңестіру, толықтыру, алмастыру) – зақымданған немесе толық дамымаған ағза

функцияларын алмастыру, толықтыру немесе қалпына келтіру. Бұл туа біткен немесе жүре пайда болған ақаулардың салдарынан пайда болатын ағзаның күрделі, көпқырлы үдерісі.

Коррекция (лат. *correctio* – түзету) – балалардың психикалық және физикалық дамудағы кемшіліктерін түзетуге немесе олардың салдарын жеңілдетуге бағытталған педагогикалық іс-шаралар жүйесі.

Психикалық дамуы тежелген балалар – психикалық дамуы тежелген балалар қатарына түрлі этиологиялы аурулардан, созылмалы дерттерден, соматикалық жүйенің туа біткен және жүре пайда болған ақауларынан, балалар неврозынан ұзақ уақыт зардап шегетін балалар жатады. Олигофрениясы бар балаларды кешенді зерттеу 1960-жылдары басталды: сол жылдары орта білім берудің міндетті жүйесіне енгізілген өзгерістер, жалпы білім беретін мектеп бағдарламаларының күрделенуі көптеген балалардың үлгерімін төмендетті. Олардың кейбірі бағдарламаны мүлдем меңгере алмады, нәтижесінде білім сапасы да төмендей бастады.

3-бөлім. Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

Қазіргі уақытта инклюзивті қоғам саласындағы педагогтардың (логопедтердің, мектепке дейінгі ұйым педагогтарының, түзету мектептері мұғалімдерінің, оңалту орталықтары мен ПМПК мамандарының) негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- арнайы білім беруді реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу дағдылары мен іскерліктерін меңгеру;
- логопедия саласында қолданылатын заманауи әдістермен танысу;
- әртүрлі бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына кеңес беру және практикалық ұсыныстар жасау.

Көптеген елдерде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тек академиялық қолдау ғана емес, сонымен қатар психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік орта, қарым-қатынас, өзін-өзі реттеу және төзімділік дағдыларын дамытуға бағытталған әдістер де қажет екендігі мойындалуда.

Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың білім алуы – білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі ретінде ресми түрде мойындалған. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау жүйелері, педагогтар мен отбасылар арасындағы ынтымақтастық маңызды үрдіске айналууда. Педагогтар мен ата-аналардың күшін біріктірген бағдарламалар жақсы нәтижелер береді.

Логопедия ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызды бөлігі бола алады, бейімделуін, әлеуметтенуін, эмоционалды тұрақтылығын жақсартуға ықпал етеді. Логопедия балалардың қажеттіліктеріне сезімтал білім беру кеңістігін қалыптастыруға көмектеседі, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға да.

Орталықтағы түзету сабақтарында логомассажды қолдану балаға дұрыс сөйлеуді тезірек меңгеруге, оқу үдерісін қызықты әрі тиімді етуге, сонымен қатар күйзелісті азайтып, қарым-қатынаста сенімділікті арттыруға көмектеседі.

Әзірленген білім беру бағдарламасы (ББ) логопедия саласындағы теориялық және практикалық білімді нығайтуға ықпал етеді. Бұл оқу бағдарламасы инклюзивті ортада ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогтарға ұсынылады.

Бағдарлама инклюзивті білім беру саласында жұмыс істейтін мамандардың кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып жасалған.

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты - сөйлеу патологиясы бар балаларға логопедиялық көмек көрсету, сөйлеу бұзылыстарын түзету мен компенсациялауға бағытталу. Педагогтардың сөйлеу аппаратының анатомо-физиологиялық негіздері жөніндегі білімін қалыптастыру, түрлі логопедиялық массаж түрлерін (классикалық, зондтық, вибрациялық, нүктелік, өзіндік массаж) орындау бойынша практикалық дағдыларды меңгеру. Дизартрия мен ринолалия жағдайында логопедиялық массаждың түзету әдісі ретіндегі рөлін түсінуге үйрету, оны артикуляциялық гимнастика, тыныс алу жаттығулары, дыбыстарды қою сияқты басқа да түзету жұмыстарының әдістерімен кешенді түрде қолдана білуге дағдыландыру.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1. Жұмсақ таңдай мен таңдай-жұтқыншақ жымдасуының жұмысын белсендіру.

2. Дауыс резонансының қалыпқа келуін қамтамасыз ету.

3. Артикуляциялық аппаратты дұрыс дыбыстауға дайындау.

4. Жұмсақ таңдайдың, ерін мен бет бұлшықеттерінің қимылын күшейту.

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

5. Артикуляциялық мүшелер аймағындағы бұлшықет кернеуін төмендету.
6. Таңдай-жұтқыншақ жымдасуының дұрыс қалыптасуын ынталандыру.
7. Тынысты қалыпқа келтіру, сөйлеу тынысының дамуына ықпал ету.
8. Артикуляциялық мүшелерді дыбыстарды қою мен автоматтандыруға дайындау.
9. Артикуляциялық мүшелердің бұлшықет тонусын қалыпқа келтіру.
10. Тілдің, еріннің, жұмсақ таңдайдың қимыл дәлдігі мен қозғалғыштығын арттыру.
11. Дұрыс артикуляцияның қалыптасуына жағдай жасау.
12. Гипертонус кезінде спастиканы азайту немесе гипотонус кезінде бұлшықеттерді белсендіру.
13. Сөйлеу аппараты бұлшықеттерінің қан айналымын және қоректенуін жақсарту.
14. Артикуляциялық мүшелердің сезімталдығы мен қимылдық бақылауын арттыру.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның мазмұны кәсіби білім мен іскерлікті қалыптастыруға бағытталған 4 модульді қамтиды:

1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.
2. Өртүрлі сөйлеу бұзылыстарын түзетуге бағытталған кешенді медико-психологиялық жұмыстың құрамдас бөлігі ретінде логопедиялық массаж. Логомассаждың анатомо-физиологиялық негіздері. Дизартрияның негізгі көріністері. Дизартрия түрлері. Ринология.
3. Логопедиялық массаж түрлері. Өткізу әдістемесі. Өртүрлі бұзылыстар кезіндегі ерекшеліктері.
4. Босаңсытатын және белсендіретін массаждың әдістемесі. Е.В. Новикова әдісі бойынша зондтық массаж. Арнайы құралдар болмаған жағдайда қолданылатын қол массажы. Нүктелік массаж.

1-Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Бұл модульде логопедия саласындағы педагогикалық кадрларға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар талданады. Негізгі ережелер мен талаптар:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы, 32-1-бап, 1,2,3,4-тармақтар «Кәсіптік даярлау»

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 32-1-бабы «Кәсіптік даярлау» деп аталады. 32-1-бап Заң мәтінінде тікелей берілген және алдыңғы баптардан (әдетте 32-баптан) кейін орналасады. 1-тармақ. Кәсіптік даярлау белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажетті жаңа немесе өзгертілген кәсіптік дағдыларды жедел меңгеруге бағытталады және білім деңгейін арттырумен қатар жүрмейді. 2-тармақ. Кәсіптік даярлау жұмыс беруші немесе мамандандырылған

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

орталықтарда/курстарда, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады. 3-тармақ. Кәсіптік даярлау жұмыс берушінің қаражаты немесе заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүргізіледі және оқыту шартымен айқындалады; нысаны мен мазмұнын жұмыс беруші қолданыстағы бағдарламалар негізінде белгілейді. 4-тармақ. Біліктілік емтиханын сәтті тапсырған тұлғаларға тиісті біліктілік деңгейі беріледі және куәлік/сертификат табысталады. 32-бап (техникалық және кәсіптік білім беру туралы) 63–64-беттерде басталады. 32-1-бап және оның 1–4-тармақтары 64–65-беттерде орналасқан.

Бағдарламамен байланысы: курс ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар, сөйлеу-қимыл бұзылыстары бар балалардың коммуникативтік қабілеттерін тиімді оңалту және дамыту бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Педагог қызметкер өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін үнемі арттыруға міндетті.

2. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдау көрсету туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы, 3 және 9-баптар 3-бап. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдау көрсету, оның мақсаттары, міндеттері және қағидаттары. Бұл бапта мүмкіндіктері шектеулі балаларға көрсетілетін әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдаудың ұғымы, мақсаттары мен қағидаттары айқындалады. Қолдау бала туған кезден бастап кәмелетке толғанға дейін жүзеге асырылады және кешенді диагностика, жеке оңалту бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтиды. Мақсаттары – даму бұзылыстарын ерте анықтау, тиімді көмек көрсету, баланың әлеуметтенуі мен дамуына кедергі келтіретін факторларды жою.

Қағидаттары:

- шектеулер дәрежесіне қарамастан көмек пен білім алуға тең құқық пен қолжетімділік;
- әр балаға жеке және сараланған тәсіл;
- отбасы мен мамандардың ынтымақтастығы. Осы бап аясында сөйлеу бұзылыстары бар балаларға логопедиялық қызметтерді қоса алғанда, кешенді түзету қолдаудың құқықтық негізі бекітіледі.

9-бап. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға медициналық, арнайы білім беру және арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар. Бұл бапта көмек көрсететін ұйымдардың түрлері мен олардың қызмет көлемі айқындалады. Медициналық қызметтерді денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді (диагностика, алдын алу, оңалту, емдік және қалпына келтіру шаралары).

Арнайы білім беру қызметтерін мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады:

- психологиялық – медициналық- педагогикалық консультациялар;
- психологиялық түзету кабинеттері;
- логопедиялық кабинеттер/орталықтар;

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

– оңалту орталықтары;
– арнайы балабақшалар және басқа ұйымдар. Бұл логопедиялық қызметтердің (соның ішінде дизартрия мен ринолалия кезінде қолданылатын логопедиялық массаж) арнайы педагогикалық қызметтер жүйесіне ресми түрде енгізілгенін білдіреді.

Бағдарламамен байланысы: мұғалім-логопед сөйлеу және психофизикалық дамуында бұзылыстары бар балаларға мамандандырылған түзету-дамыту көмегін көрсету бойынша заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс.

3. 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және № 322 бірлескен бұйрық

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 «Бейресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін, сондай-ақ кәсіби біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы. 2-тарау. Бейресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану тәртібі. 4-тармақ – оқу нәтижелерін тану білім беру ұйымдарымен жүзеге асырылады. 5-тармақ – тұлға оқу нәтижелерін растайтын құжаттарды ұсынады. 6-тармақ – оқу нәтижелерін тану жөніндегі комиссия құрылады. 8-тармақ – комиссия құжаттарды қарап, бағалау жүргізіп, есепке алу туралы шешім қабылдайды. 10-тармақ – оқу нәтижелерін толық немесе ішінара тану туралы шешім қабылданады.

Бағдарламамен байланысы: курс педагогтердің бейресми білім беру аясында алған нәтижелерін ресми тануға мүмкіндік береді және үздіксіз кәсіби дамуды қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы

«2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы». 2-бөлім Ағымдағы жағдайды талдау.

6- тарау. Педагог мәртебесі

3-параграф. «Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы». Бұл параграфта педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы білім сапасын арттырудың негізгі шарты ретінде қарастырылады. Біліктілікті жүйелі арттыру, заманауи технологияларды енгізу, зерттеушілік және әдістемелік дағдыларды дамыту қажеттілігі атап көрсетіледі.

Бағдарламамен байланысы: курс педагогтердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру арқылы тұжырымдама талаптарына сәйкес келеді.

5. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 327 бұйрық

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі міндетін атқарушының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» № 327 бұйрығы. Бұл бұйрық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттарының сыныптауышын бекітеді. Сыныптауыш білім беру салалары, даярлау бағыттары және білім деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларын топтастырады.

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

Онда педагогикалық кадрларды, арнайы педагогтарды, инклюзивті және түзету білім беру мамандарын даярлау бағыттары қарастырылған.

Бағдарламамен байланысы: курс педагогика ғылымдары және арнайы (инклюзивті) білім беру бағыттарына сәйкес келеді және мамандардың кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.

2-Модуль. Кешенді медико-психологиялық жұмыстың құрамдас бөлігі ретінде логопедиялық массаж. Логомассаждың анатомо-физиологиялық негіздері. Дизартрияның негізгі көріністері. Дизартрия түрлері. Ринолалия. Ринолалияның негізгі көріністері. Ринолалия түрлері.

Бұл модульде дизартрияның көріністері қарастырылады. Ол – артикуляциялық бұлшықеттердің иннервациясы мен қозғалысының бұзылуына байланысты туындайтын неврологиялық ақау, нәтижесінде сөйлеу көмескі және түсініксіз болады.

Ал ринолалияда – резонаторлық аппараттың (таңдай, мұрын) кемшіліктерінен тембр мен дыбыс айту бұзылады, негізгі ерекшелігі – мұрын арқылы шығатын сөйлеу (гнусавость). Сонымен қатар логопедиялық массаж түрлері, сөйлеу бұзылысының ерекшелігіне қарай жеке таңдалатын әдістемелер туралы мәлімет беріледі. Әртүрлі патологиялар кезіндегі массаж түрлерін білу логопедті тиімді маман етеді және оны кешенді оңалту жүйесіне енгізуге мүмкіндік береді.

3-Модуль. Логопедиялық массаж түрлері. Өткізу әдістемесі. Әртүрлі бұзылыстар кезіндегі ерекшеліктері

Логопедиялық массаж сөйлеу бұзылыстарын түзетуге бағытталған кешенді медико-психологиялық жұмыстың бөлігі ретінде қарастырылады. Ол жеке әдіс емес, медициналық, психологиялық және педагогикалық түзету жұмысының элементі болып табылады. Дизартрия, ринолалия жағдайында оңалту бағдарламаларына енгізіледі.

Массажды дұрыс қолдану үшін логопед сөйлеу аппаратының құрылымын, қызметін, иннервациясын білуі тиіс. Логопедиялық массаж – қосымша емес, сөйлеу бұзылыстарын кешенді түзетудің негізгі бөлігі. Ол сөйлеу аппаратының анатомиясы мен физиологиясы туралы терең білімге сүйенеді. Бұлшықеттердің, жүйке жүйесінің және тыныс алу механизмдерінің рөлін түсінгенде ғана логопед массаж әдістерін сауатты әрі тиімді қолдана алады.

4. Модуль. Босаңсытатын және белсендіретін массаждың әдістемесі. Е.В. Новикова әдісі бойынша зондтық массаж. Арнайы құралдар болмаған жағдайда қолданылатын қол массажы. Нүктелік массаж

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

Бұл модульде логопедиялық массаждың маңызды түрлері жөнінде мәлімет беріледі: босаңсытатын массаж, белсендіретін массаж, зондтық массаж (Е.В. Новикова әдісі), қол массажы (құралдарсыз), нүктелік массаж.

Аталған әдістерді дизартрия, ринология сияқты нақты бұзылыстарға қарай біріктіріп қолдануға болады.

Бағдарламаның Тақырыбы:

№	Сабақ тақырыбы	Теориялық сабақтар	Практикалық жұмыс	Барлығы	Өткізу формасы
1	2	3	4	5	6
1-Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету					
<i>Күтілетін оқу нәтижелері:</i> білім беру сапасын педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы реттейтін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын білу.					
1.1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы	1	1	2	Слайд-презентация
1.2	Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы	1	1	2	Слайд-презентация
1.3	Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы	1	1	2	Слайд-презентация
1.4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы,	1	1	2	Слайд-презентация

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

	Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің м.а «Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» 2023 жылғы 21 шілдедегі №327 бұйрығы				
	Барлығы		8ч		
2-Модуль. Логопедиялық массаж әртүрлі сөйлеу бұзылыстарын түзету бойынша кешенді медициналық-психологиялық жұмыстың бөлігі ретінде. Логомассаждың анатомиялық-физиологиялық негіздері. Дизартрияның негізгі көріністері. Дизартрия түрлері. Ринология. Ринологияның негізгі көріністері. Ринология түрлері.					
Күтілетін оқу нәтижелері: логопедиялық массажды, оның анатомо-физиологиялық ерекшеліктерін толық меңгеру және оны түзету жұмысында қолдана білу. Дизартрия түрлерімен, олардың айырмашылықтарымен танысу, түзету әдістерін кешенді қолдану. Ринология түрлерін, оның ерекшеліктерін және түзету тәсілдерін меңгеру.					
2.1	Логопедиялық массаж туралы білім. Логомассаж әдістері. Логомассажды тәжірибеде дұрыс қолдана білу. Сөйлеу бұзылыстарының әртүрлі түрлерінде логомассажды қолдану. Массаждың негізгі міндеттері. Сөйлеу қабілеті бұзылған пациенттерді диагностикалау.	2	2	4	Лекция, Слайд-презентация
2.2	Массаждың анатомо-физиологиялық негіздері. Сөйлеуді түзету бойынша кешенді жұмыс туралы білім. Пациенттермен массажды қолдану дағдылары.	2	2	4	Лекция, Слайд-презентация
2.3	Дизартрияның себептері. Дизартрияның клиникалық түрлері. Дизартрияның классификациясы. Жалған бульбарлық дизартрия. Мишықтық дизартрия. Қыртысасты (экстрапирамидалық) дизартрия.	2	2	4	Лекция, Слайд-презентация
2.4	Ринологияның себептері. Ринология түрлері. Ашық ринология. Органикалық ринология. Аралас ринология. Таңдай жарығына байланысты ринология. Операцияға дейінгі логопедиялық жұмыстың мақсаты.	2	2	4	Лекция, Слайд-презентация
	Барлығы:	16 ч			
3-Модуль. Логопедиялық массаждың түрлері. Өткізу әдістемесі. Әртүрлі бұзылыстар кезінде жүргізудің ерекшеліктері.					
Күтілетін оқу нәтижелері: әртүрлі бұзылыстар кезінде логомассаж техникасын толық меңгеру.					

Ке АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

3.1	Массажды жүргізу әдістемесін білу. Массаждық кешендерді түсіну. Мойын мен иық белдеуіне массаж жүргізу.	4	3	7	Презентация Сұрақ– Жауап
3.2	Көмейге массаж. Бетке массаж және бұлшықеттермен жұмыс.	2	3	5	Презентация Сұрақ– Жауап
3.3	Логомассаж әдістерін меңгеру. Массаждың негізгі техникалары.	4	3	7	Презентация Сұрақ– Жауап
3.4	Әртүрлі бұзылыстар кезінде массаж жүргізудің ерекшеліктері.	4	3	7	Презентация Сұрақ– Жауап
Барлығы:		26 ч			
4-Модуль. Босаңсытатын және белсендіретін массаж әдістемесі. Е.В. Новикованың әдісі бойынша зондтық массаж. Құралдар болмаған жағдайда қолмен жасалатын логопедиялық массаж. Нүктелік массаж.					
<i>Күтілетін оқу нәтижелері:</i> логомассаж туралы жалпы білім. Новикова әдісі бойынша зондтық массаж жүргізе білу. Қолмен массаж жасау әдістемесі. Нүктелік массаж.					
4.1	Босаңсытатын және белсендіретін массажды жүргізу әдістемесі.	4	3	7	Презентация Сұрақ– Жауап
4.2	Е.В. Новикованың әдісі. Зондтық массажды меңгеру. Зонд түрлерін білу.	2	3	5	Презентация Сұрақ– Жауап
4.3	Дыбыстардың артикуляциясының негіздері. Гиперсаливация. Сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау.	4	3	7	Презентация Сұрақ– Жауап
4.4	Қолмен жасалатын логомассажды меңгеру. Теориялық негіздер. Нүктелік массаж. Дизартрия және басқа да неврологиялық бұзылыстар кезіндегі логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері.	4	3	7	Презентация Сұрақ – Жауап
Барлығы:		26 ч			
Жобаны қорғау		2			
Қорытынды бақылау жұмысы		2			
Барлығы:		80			

6-бөлім. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары білім беру бағдарламаларын әзірледі, келісуді және бекітуді, сондай-ақ курстан кейінгі педагогтардың қызметін сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеуді,

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді реттейтін ережелерге сәйкес ұйымдастырылады:

1. еңбек қызметінен қол үзбей (қашықтан оқу түрін қоса алғанда);
2. еңбек қызметінен қол үзіп, жалақыны сақтай отырып (қашықтан оқу түрін қоса алғанда);
3. аралас түрінде (қашықтан оқытуды қолдана отырып, күндізгі оқу).

Курс өту барысында жеке дәрістер оқу және практикалық сабақтар өткізу үшін ұйым әдіскерлерді, педагогтарды, білім беру ұйымдарының басшыларын, тәжірибелі мамандарды, өндірістік кәсіпорындардың мамандарын, өңірлік кәсіпкерлер палаталарының өкілдерін, жұмыс берушілер қауымдастықтарын тартады.

Оқу үдерісі оқу жоспары, жылдық кесте, ұйымның сабақ кестесі арқылы реттеледі.

Курстың ұзақтығы: 80 сағат

Біліктілікті арттыру курсының оқу үдерісін ұйымдастыру шарттары:

1. бекітілген оқу жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес оқыту;
2. оқу тәртібі мен мінез-құлық нормаларын сақтау, соның ішінде профессорлық-оқытушылар құрамына және басқа тыңдаушыларға құрмет көрсету, олардың ар-намысына және қадір-қасиетіне нұқсан келтірмеу;
3. біліктілікті арттыру курстарының кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кемінде 80%-на қатысу;
4. қорытынды тестілеуден өту және ең жоғары балдың кемінде 50%-ын жинау.

7-бөлім. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі келесі әдістемелік нұсқаулар құрылымын қамтиды:

1. дәрістік кешен:
 - дәрістердің тезистері;
 - иллюстрациялық материал;
 - әдебиет;
 - бақылау сұрақтары (кері байланыс).
2. практикалық сабақтар:
 - мақсат;
 - оқыту міндеттері;
 - тақырыптың негізгі сұрақтары;
 - түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары;
 - әдебиет;
 - бақылау жұмысы (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).
3. Өзіндік жұмыс:
 - тапсырмалар;
 - орындау/бағалау формасы (реферат, презентация, тапсырмалар, тесттер);

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

- тапсыру мерзімі;
- әдебиет;
- бақылау жұмысы (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).

8-бөлім. Нәтижелерді бағалау

Оқыту нәтижелерін бағалау жоба қорғау, тестілеу (қосымша 1) түрінде өткізіледі.

Жоба қорғау жеке жұмыс түрінде өтеді. Әр тыңдаушы өз жобасын дайындайды.

Өзіндік жұмыс барысында тыңдаушылар жоспарлау, ұйымдастыру және қызметті талдауды қарастыратын жеке тапсырманы орындайды.

Қорытынды тестілеу біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді қамтиды.

Қорытынды тестілеудің ең жоғары балы – 100 балл, ең төменгісі – 50 балл.

50 және одан жоғары балл жинаған тыңдаушыға сертификат беріледі. Керісінше жағдайда тыңдаушыға біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы анықтама беріледі.

Сертификат алмаған тыңдаушылардың мүмкіндіктері:

1. білімді қайта бағалау – жылына бір реттен жиі емес;
2. білімді қайта бағалау – келесі топпен бірге;
3. дәлелді себеп болған жағдайда ағымдағы жылы бір топтан екіншісіне ауысу;
4. дәлелді себеп бойынша үзіліп қалған курсты жалғастыру, тиісті құжаттарды ұсына отырып.

Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға курстың тақырыбы мен сағат көлемі көрсетілген сертификат беріледі.

9-бөлім. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеуді, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді реттейтін Ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелерімен айқындалады.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеудің нысандарына мыналар кіреді:

1. тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивтік қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

2. педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындық кезінде консультациялық көмек көрсету;

3. педагогтардың кәсіби қауымдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу іс-шараларын (байқаулар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

Курстан кейінгі сүйемелдеу нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу кемінде 3 (үш) жылда 1 (бір) рет жүргізіледі.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ «Білім туралы» Заңы.

2.Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы.

3.Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы.

4.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.

5.Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 327 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім кадрларын даярлау бағыттарының классификаторын бекіту туралы»

6. Өмірбекова Қ., Төлебиева Г., Коржова Г., Оразаева Г. Логопедия негіздері: оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2020. – 495 б.

7.Өмірбекова Қ., Ибатова Г., Төлебиева Г. Логопедиялық практиканы өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Алматы, 2020. – 58 б.

8.Приходько О.Г. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардағы дизартриялық сөйлеу бұзылыстарын түзетуде логопедиялық массаж. – Санкт-Петербург: KARO, 2016. – 160 б.

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1.Н.Е. Ильякова. Дыбысты түзетуде зондтарды қолдану: мектепке дейінгі, мектеп және медициналық мекемелер логопедтеріне арналған құрал. – 2017. – 24 б.

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

2. Өмірбекова Қ., Ибатова Г. Ринология: оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2020. – 95 б.

3. Манжуова Л. Мүмкіндігі шектеулі балалардың даму ерекшеліктері: оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2020. – 115 б.

4. <https://lesnoy-zdorove.ru/blog/?logmessage>

5. <https://logocenter.info/logopedicheskij-massazh/>

6. <https://doctorbersenev.ua/ru/services/metamernyy-massazh-artikulyatsionnogo-apparata/>

7. <https://doctorbersenev.ua/ru/services/metamernyy-massazh-artikulyatsionnogo-apparata/>

8. <https://logopedmaster.ru/taxonomy/term/110>

9. <https://adpo.edu.ru/seminar/logomassazh> © 2015 - 2023 АНО ДПО «Солтүстік-Батыс Академиясының қосымша кәсіби білімі мен кәсіби оқытуы»

Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері:

Курстың даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын игеру;
- 2) зерттелетін материалды практикалық қолдану;
- 3) ақпаратты талдау және синтездеу;
- 5) қорытынды жасай білу.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындау бойынша білімдерін бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 балл (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл (50 - 74%).

Жобаны бағалау критерийлері

Курсты меңгеру деңгейін анықтау үшін мына параметрлер қолданылады:

- 1) жобаның негіздемесі;
- 2) жоба идеясының креативтілігі;
- 3) жобаны жүзеге асыру жоспары;
- 4) алынған білімді көрсету;
- 5) әлеуетті нәтижелілік.

Жобаның құрылымы

Бір жоба тақырыбының үстінде 4–5 тыңдаушыдан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- 1) Титул беті (ұйым атауы, автор(лар)дың А.Т.Ә., жыл, қала көрсетіледі).
- 2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).
- 3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігі негізделеді, жұмыстың мақсаты мен міндеттері көрсетіледі, негізгі мәселенің қысқаша сипаттамасы беріледі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған сұрақ ашылады, тиімді тәжірибеден алынған материалдарда жоба идеясы баяндалады, жобаны жүзеге асырудың әрекеттері (кезеңдері) жоспарланады, жобаның дамытушылық, оқытушылық, қалыптастырушы ықпалын бағалау критерийлері, көрсеткіштері мен индикаторлары айқындалады).

5) Қорытынды (жобаның тәуекелдері белгіленеді, жалпылау жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты қолдану бойынша практикалық ұсыныстар беріледі).

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

- 6) Пайдаланылған дереккөздер тізімі.
- 7) Қосымшалар (қажет болған жағдайда).
- 8) Слайд түріндегі презентация.

Жобаны бағалау критерийлері:

1. жобаның негіздемесі;
2. жоба идеясының креативтілігі;
3. жобаны жүзеге асыру жоспары;
4. алынған білімді көрсету;
5. нәтижелілік.

Жобаның бағалау парағы

	Критерийлер	Ұпай	Түсініктеме
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау		
2	Мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жобаның тақырыбына сәйкестігі		
3	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану, Жаңашылдығы		
4	Жобаны іске асыру кезеңдерінің құрылымдылығы, логикалылығы, бірізділігі, толықтығы		
5	Педагогикалық міндеттерді шешуде ойындарды пайдаланудың мақсаттылығы		
6	Жобаны жүзеге асырудың болашағы, нәтижелерін тарату		
	Жалпы ұпай саны		

Жобалық жұмыстың тұсаукесерін бағалау үшін келесі критерийлер бөлінеді:

- 0 балл-іске асырылмаған;
- 1 балл – ішінара іске асырылды;
- 2 балл-толық іске асырылды.

Жоба бойынша ең жоғары балл саны-12 балл.

Жұмыс үшін балл сомаларын дәстүрлі бағалау нормаларына аударуды келесі схема бойынша жүзеге асыруды ұсынамыз:

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

«5» (өте жақсы) бағасы 11–12 ұпай жиынтығы үшін қойылады.

«4» (жақсы) бағасы 8–10 ұпай жиынтығына сәйкес келеді.

«3» (қанағаттанарлық) бағасы 6–7 ұпай жиынтығына сәйкес келеді.

Тестілеуді бағалау критерийлері

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1.	Модуль 1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету	8	10
2.	Модуль 2. Логопедиялық массаж – әртүрлі сөйлеу бұзылыстарын түзетуге бағытталған кешенді медико-психологиялық жұмыстың бөлігі. Логомассаждың анатомо-физиологиялық негіздері. Дизартрияның негізгі көріністері. Дизартрия түрлері. Ринолалия. Ринолалияның негізгі көріністері. Ринолалия түрлері.	25	15
3.	Модуль 3. Логопедиялық массаж түрлері. Өткізу әдістемесі. Әртүрлі бұзылыстарда жүргізудің ерекшеліктері.	25	15
4.	Модуль 4. Босаңсытатын және белсендіретін массаж әдістемесі. Е.В. Новикова әдісі бойынша зондтық массаж. Құрал-жабдықтар болмаған жағдайда қолмен логопедиялық массаж. Нүктелік массаж.	18	10
5.	Қорытынды тестілеу	4	
Барлығы		80	50

Бағалау шкаласы:

Ұпайларды (балдарды) бағалау шкаласы

баға	Орындалу шегі%	Ұпайлар
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50% аз емес	20 балдан аз емес